



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№41 (1907) 6 ҚАРАША 2023 ЖЫЛ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан мен Франция жоғары оқу орындарының VIII халықаралық форумы аясында іс-шаралар өтті.

Франция университеттерімен серіктестік нығаяды



Шараға Францияның Алматыдағы бас консулы Фабрис Неве, мәдениет және ынтымақтастық жөніндегі кеңесші Алекс Бортолан, Абай атындағы ҚазҰПУ «Сорбонна – Қазақстан» институтының және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Геоэнергетика» орталығы-

ның директоры Агнес Буссе, Францияның ЖОО, сондай-ақ кәсіпорындарының ғалымдары мен қызметкерлері, Қазақстан университеттерінің оқытушылары мен білім алушылары қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жансейіт Түймебаев өз сөзінде «Халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту перспективалары» атты дөңгелек үстелді ашып, құттықтады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кеше Қазақстанға ресми сапармен келген Фран-

ция Президенті Эммануэль Макронмен кездескенін атап өтті. «Екі ел басшылары сауда-экономикалық, инвестициялық және энергетикалық ынтымақтастықты нығайту жолдарын талқылады. Білім, ғылым саласындағы еріптестік пен халықаралық мәселелер жөнінде

келісімге қол жеткізді. Сондықтан бүгінгі форум жұмысы екі елдің білім, ғылым саласындағы ынтымақтастығының нәтижелі жалғасы деп білеміз», – деді ректор.

Жалғасы
2-бетте

ҚазҰУ халықаралық сыйлыққа ие болды

Ғылымға қосқан үлесі үшін ғалымдар мен университеттерге Scopus Awards Kazakhstan 2023 сыйлығын табыстау рәсімінің салтанаты өтті. Бұл халықаралық сыйлық Elsevier ғылыми ірі баспасы тарапынан тағайындалған болатын.

Биыл Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Societal Impact of Research: Medical Sciences and Agricultural Sciences» номинациясы бойынша марапатқа ие болды. Жыл сайын ҚазҰУ мен университет ғалымдары жарияланымдық белсенділігі



үшін Scopus Awards сыйлығын алады. Бұл университет зерттеушілерінің ғылыми өнімді-

лігін объективті бағалау болып табылады. Жүзеге асырылып жатқан ғылыми еңбектерді жоғары рейтингті журналдарда жариялау, ғылыми жарияланымдардың кварталіне негізделген мақалаларды марапаттау, шетелдік ғалымдармен ынтымақтастықты арттыру, постдокторантураны енгізу және басқа да шаралар халықаралық дерекқорлардағы басылым белсенділігі мен дәйексөздердің жоғары қарқынының кепілі болды.

Халықаралық Scopus Awards – ғалымдар жетістіктерінің объективті көрсеткіші. Сыйлық жыл сайын халықаралық Scopus деректер базасынан алынған ақпарат негізінде ең көп жарияланған ғалымдар мен университеттерге беріледі. Бұл рәсім ғалымдар мен университет басшылығын алдағы жетістіктерге және тиімді зерттеу ортасын қалыптастыруға ынталандырады.

Ғылыми орталықтар қызметі талқыланды



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінде университеттің ғылыми институттары мен орталықтары қызметінің қорытындылары, сондай-ақ ЖОО-ның инфрақұрылымы мен цифрландыруының жай-күйі және даму перспективалары талқыланды.

Ғылым және инновациялық қызмет департаментінің директоры Жолдас Берібаев отырысқа қатысушылардың назарына «Университеттің

ғылыми институттары мен орталықтарының қызметі туралы» тақырыбында баяндама жасады.

Жалғасы 2-бетте



Ректор ұсынысымен құрылған оркестр

3 ➤



Индустрия 4.0 модельдік фабрикасы құрылады

5 ➤



Ғылымның кені

6 ➤

Франция университеттерімен серіктестік нығаяды



Соңы. Басы 1-бетте

Қазіргі таңда ҚазҰУ Францияның 21 университетімен тығыз жұмыс істейді. 2022-2023 жылдар аралығында университет алған 189 гранттың 42-сі француз серіктестерінің қатысуымен бірлескен халықаралық жобаларға арналды.


Франция жоғары оқу орындарымен бірлесіп мұнай және газ, ақпараттық технологиялар, биотехнология және баламалы энергетика саласындағы қос диплом бағдарламалары іске асырылуда. ҚазҰУ базасында «Геоэнергетика» Қазақстан – Француз ғылыми-білім беру орталығы құрылды. Университет француздық Total Energy компаниясымен бірлесіп бір-

неше жоба дайындауда әрі өзге де перспективалық бастамаларды жүзеге асырып отыр.

2022 жылы Парижде өткен Қазақстан мен Франция жоғары оқу орындары ректорларының VII форумы аясында ҚазҰУ жетекші француз университеттерімен: Париж қаласындағы политехникалық зерттеу институтымен (Sciences Po Париж), Лотарингия университетімен, Шампань-Арденна Реймс университетімен келісімдерге қол қойған болатын.

Іс-шара соңында делегация басшыларымен жеке кездесулер өтіп, ынтымақтастық бағыттары талқыланды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру саласындағы ұлттық стратегия ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері (ТББҚ) бар студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру» атты гранттық жобасын іске асыруда.

Жоба ұлттық тұрғыдан аса маңызды. Ол «Қазақстандағы инклюзивті білім беру тұжырымдамасын», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңын, «Мүгедектігі бар адамдарға арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жол картасын» іске асыруға бағытталған.

Ғылыми зерттеулер педагогика ғылымының докторы, Педагогикалық білім институ-

тының академигі, Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры Ақмарал Мағауованың жетекшілігімен жүргізілді. Ғалымдар зерттеліп отырған мәселенің бастапқы базасын, оның ішінде қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектерін қарастырып «ЖОО білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастырудың кешенді бағдарламасын» әзірледі. Ол ҚазҰУ жанындағы Мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдау орталығында сынақтан өтуде.

Педагогика ғылымының кандидаты, профессор Г.Қасен «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтауының әртүрлі бағыттарын

Соңы.
Басы 1-бетте

География және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Әлия Ақтымбаева екінші баяндамашы болды. Спикердің

құзыреттер орталығын ұйымдастыруға және дамытуға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Жолдас Бөрібаев.

Өз кезегінде Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Эл-Фараби атында-

тикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының меңгерушісі Жоламан Бектемесов спикердің сөзін толықтырды. Бұл салада көптеген жұмыстар атқарылды: жабдықтарды ішінара жаңғырту жүр-

Ғылыми орталықтар қызметі талқыланды

айтуынша, қазіргі уақытта университетте жалпы қаржыландыру көлемі 8 507 млн теңгені құрайтын 355 ғылыми-зерттеу жобасы орындалуда. Оның ішінде 2021-2023 жылдарға арналған ҚР ЖБҒМ гранттық қаржыландыру шеңберінде 49 жобасы бар. Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары Scopus деректер базасының халықаралық рейтингтік бақылауларында жарияланған мақалалары үшін жыл сайын ақшалай сыйақымен марапатталады.

2023 жылы Scopus дерекқор журналдарында жарияланған Q1-Q2 квартильдеріндегі 537 рейтингтік мақаланың авторларына сыйақы берілді және жалпы сомасы 129,1 млн теңгені құрады. Баяндамашы өз сөзінде жаратылыстану-техникалық және әлеуметтік-мәдени бағыттағы ғылыми-зерттеу институтының қызметіне қорытынды бағасын беріп, ғылыми жобаларды жүзеге асыру және басылымдық қызмет саласындағы жұмысты жандандыру қажеттігін атап өтті.

«ҚазҰУ Tech Garden қорымен бірлесіп Орталық Азияда Индустрия 4.0 бойынша 600 млн теңге сомасына алғашқы модельдік фабрика құруға грант жеңіп алды. Кіші жоба басшысының орынбасары – Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Инжиниринг және ғылымды қажетсінетін технологиялар кластерінің бас директоры Әмірхан Темірбаев. Бұл маңызды қадам Алматыда Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы өнеркәсіптік робототехника және роботтан-дыру саласындағы инженерлік



ғы ҚазҰУ-ға Үкіметтің қаулысымен зерттеу университетінің мәртебесі берілгенін айтып, «Енді ғылыми орталықтардың жұмысын қорытындылай келе, факультеттер, кафедралар мен орталықтар әр алты ай және жыл сайын стратегиялық даму жоспарын жасап отыруы қажет», – деді.

«Университеттің АТ-инфрақұрылымын және цифрландыруды дамытудың жай-күйі мен перспективалары туралы» баяндаманы АТ инфрақұрылымды дамытуды қамтамасыз ету департаментінің директоры Ғалымжан Сариев, қосымша баяндамашы, Матема-

гізілді, ЖОО аумағында Wi-Fi қолжетімділік нүктелері толықтырылды, трафик жылдамдығы артты, ҚазҰУ-дың Бішкек қаласындағы филиалының сайты жасалды, ақпараттық қауіпсіздікті арттыру үшін іс-шаралар жүргізілді, оның ішінде Firewall орнату және жаңарту және т.б. жасалды. Қазіргі уақытта ақпараттық интеграция саласында Smart ортасын құруға және университеттің ақпараттық-аналитикалық жүйесін дамытуға арналған жұмыс жүргізілуде.

Отырыс соңында университет ректоры құрылым басшылары мен факультет декандарына бірқатар тапсырмалар берді, соның ішінде университетте бизнес-процестерді оңтайландыру бойынша жол картасын жасап, университеттің әдеп жөніндегі кеңесін қалпына келтіру мәселесі айтылды.

Гүл
ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Инклюзивті білім беру – маңызды жоба



анықтау және талдау» тақырыбында эксперименттік зерттеу жүргізді. Эксперимент нәтижелері КОКСОН журналында, «ҚазҰУ хабаршысы» және Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда жарияланды. Қазіргі уақытта «Ерекше бі-

лім беру қажеттіліктері бар студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауы: теория, әдістеме, тәжірибе» атты ұжымдық ғылыми монография баспаға дайындалуда.

Жоба аясында Қазақстан, Өзбекстан, Ресей жоғары оқу

орындарының оқытушылары үшін «ЖОО-ның инклюзивті білім беру ортасы жағдайында студенттерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» атты біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды.

Зерттеу тобы Цукуба жаһандық білім беру институтымен (Жапония), Герцен атындағы мемлекеттік педагогикалық университетімен, РФ Президенті жанындағы РАНХ басқару және мемлекеттік қызметтің Солтүстік-батыс институты (Санкт-Петербург), Вильнюс университетінің Шяуляй академиясы (Литва), Мәскеу мемлекеттік әлеуметтік университеті (Ресей) сияқты шетелдік жоғары оқу орындарының ғылыми зертханаларымен және орталықтарымен байланыс орнатты.

Гүл БАЯНДИНА

Ректор ұсынысымен құрылған оркестр

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халық аспаптары оркестрі 1975 жылы академик, осы университеттің ректоры Өмірбек Жолдасбековтің тікелей ұсынысы бойынша құрылды. Оркестрге барлық факультеттің студенттері шақырылып, солардың ішінен жүзден жүйрік шыққандары таңдалды. Бұдан өзге, Өмірбек Арысланұлының бастамасымен барлық факультеттерде ұлт аспаптық оркестрлер құрыла бастады. Өнерпаздарға арнайы ұлттық киімдер тігілді, ұлттық аспаптар сатып алынды. Университет ғимаратынан арнайы бөлме жабдықталып, қатысушы студенттерге жағдай жасалды. Оркестр мүшелерінің қатары 50 адамнан асты. Оқу ордасының талантты оқытушылары (А.Жиенбаев, Г.Есбергенова, Қ.Алпысбаев т.б.) да оркестрмен өз өнерлерін көрсетті.

Оркестрдің дайындығын ұйымдастыру, аспаптармен қамтамасыз ету, оның мүшелеріне жағдай жасау сол кездегі оқу ордасының басшысы Ө.Жолдасбеков, проректор С.Савицкий, студенттік профессор төрағасы А.Конаваленконың басқаруымен іске асты.

Оркестрдің бас дирижері ретінде Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның доценті, дарынды музыкант Батыр Әбдіқалықовты, жетекші ретінде Жанас Бекентұровты шақырды. Студент жастарды оркестрге тарту жағына физика факультетінің студенті, дарынды домбырашы, өнерпаз Айтқазы Шарықбаевты жауапты етіп сайлады. Университеттің әр жиналысы ұлт аспаптар оркестрінің концерттік бағдарламасымен өтетін болды. Аз уақыттың ішінде оркестр студент қауым мен оқытушылардың үлкен қошеметіне бөлене бастады. 1976 жылы университеттің қазақ ұлт аспаптары оркестрі Шымкент қаласында өткен Бүкілодақтық көркемөнерпаздар фестивалінің лауреаты атағын жеңіп алды. Бұл оркестрдің ең ал-

ғашқы шығармашылық жеңісі еді.

Университет ректоры Өмірбек Арысланұлы ағамыз оркестр ұжымына өз ақыл-кеңесін айтып, ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар оркестр мүшелерін жазғы каникул кезінде ақысыз профилакторияда демалуын, студент жастардың стипендияларын үзбей алып тұруын қамтамасыз етті. Белсенділерге қосымша қаржылық көмектер тағайындады.

1977 жылы 7 қазанда Қазақ мемлекеттік университетінің ұлт аспаптары оркестрі Мәскеу қаласында КСРО-ның жаңа Конституциясын қабылдау кезінде, Кремльдің съездер сарайында Бүкілодақтық көркемөнерпаздар фестивалі лауреаттарының қатысуымен өткен концерт беру құрметіне және съезд депутаттарының алдында қошеметке ие болды. Осы концертке қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков бастап барып, оркестрге Шамғон Қажығалиев, Алдаберген Мырзабеков, Батыр Әбдіқалықов, Рысбай Ғабдиевтер дирижерлік етті. Сол кездегі



КСРО-ның білім және оқу министрі Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Ө.Жолдасбековке арнайы Алғыс хат жолдады. Концерт соңында Қазақстан Компартиясының бірінші секретары Дінмұхамед Қонаев оркестр ұжымына рақметін айтып, шығармашылық табыс тіледі. Мәскеуден оралғаннан кейін ректор Ө.Жолдасбеков оркестр ұжымын қабылдап, шынайы тілегін білдірді. Студенттермен әр кездесуінде Өмірбек аға оркестр мүшелерінің оқу барысын, әлеуметтік жағдайларын сұрап тұратын.

1978 жылы ұлт аспаптар оркестрі КСРО-ның Мәдениет министрлігі жанынан құрылған арнайы мемлекеттік комиссияның шешімімен «Халық аспаптары оркестрі» атағын қорғап шықты. Бұл жетістік оқу орындарының қара шаңырағы – Қазақтың мемлекеттік университетінің абыройын асқақтата түсті. Өнерге, білімге, ғылымға талпынған студент жастарға жасаған қамқорлығы үшін сол кездегі ректорымыз Ө.Жолдасбековтің мәртебесі артты. Осылайша студент жастар қалаған мамандықтарын игерумен қатар, өнерге де бет бұрды. Университет қабырғасында ұйымдастырылған сан алуан үйірмелерге қатысып, таланттарын шыңдады.

Бұл «Халық аспаптары оркестрі» атағын Қазақ мемлекеттік университеті 1990 жылға дейін, яғни 12 жыл бойы сақтады. 1980 жылдан бастап оркестрге Жамағат Темірғалиев ағамыз жетекшілік етті. Жыл сайын факультет, жоғары оқу

орындары арасында сайыстар, «Студенттік көктем» фестивалдері ұйымдастырылып тұрды. Қазақ университетінің халық аспаптар оркестрі В.И.Ленин атындағы Республикалық сарайда үкіметтік концерттерде Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрімен, атақты әншілеріміз Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Әлібек Дінішев, Нұрғали Нүсіпжановпен бірігіп өнер көрсетті. Халық аспаптар оркестрінің репертуарында Чайковский, Моцарт, Глинка, Штраус, Брамс, Құрманғазы, Дина, Түркеш, А.Жұбанов, Дәулеткерей, Тастанов, Қазанғаб, Тәттімбет, Сүгір, С.Мұхаметжанов, Н.Тілендиев т.б. күйшілердің шығармаларымен қатар, классикалық және халық әндері болды.

1979 жылы Қазақ университетінің халық аспаптары оркестрі КСРО-ның Мәдениет министрлігі мен Кәсіподақ комитетінің жоспарлауымен Венгрия Халық Республикасында, 1980 жылы Тәжікстан астанасы Душанбе, Құлаб қалаларында, Нүрек ГЭС-і жұмысшыларының алдында өз өнерлерін көрсетті. 1982 жылы КСРО-ның әлеуметтік қамтамасыз ету министрі Д.Абдрахимованың жетекшілігімен Болгария Халық Республикасына барды, 1985 жылы Қазан қаласында өткен фестивальдің лауреаты атанып, үлкен жетістіктерге жетті. Осылайша оркестр кеңес заманында Қазақ университетінің ректоры Өмірбек Арысланұлының қамқорлығының арқасында қазақ

халқының өнерін, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін КСРО-ның одақтас республикаларынан басқа, Батыс Еуропа халықтарына жеткізуіне өз үлестерін қосты.

Қазақ университетінің халық аспаптары оркестрінің алғашқы ұйымдастырушылары қазір еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада еңбек етіп келеді. Айта кетсек, Ж.Бекентұров – Қазақтың мемлекеттік Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ж.Темірғалиев – ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, А.Шарықбаев ҚР Білім министрлігінде бөлім бастығы қызметінде болып, қазір құрметті демалыста, Қ.Мұсаев, Ж.Жұбатыров, Қ.Арынов, А.Белеков, С.Жетпісбаев, М.Рамазанова, С.Бекмолдин, А.Сәрсенбинов, Д.Тастанов, Р.Жалмұрзина, Г.Сапарханова, А.Нүсіпова – ғылым жолында, А.Алдияров – сот, Б.Ташенов – жеке кәсіпкер. Ал оркестрдің алғашқы мүшелері өз мамандықтарымен қызмет атқарып, бүгінгі таңда құрметті демалысқа шықты, зейнеткер. Оркестрдің біраз мүшелерінің уақыты келіп, бұл дүниеден өтті.

Қоғам қайраткері, академик Ө.Жолдасбековтің туғанына 80 жыл толуына орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен өткен іс-шара кезінде университеттің халық аспаптары оркестрінің алғашқы мүшелері жиналып, ардақты ұстазымызды еске алу құрметіне оның сүйіп тыңдайтын күйлерін орындау біздің той шашуымыз болды.

Ендігі алға қойған мақсатымыз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойында «Алатау» оркестрінің алғашқы мүшелерінің ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама ұсынсақ деген ойымыз бар.

Қазақ ұлттық университетінің халық аспаптары оркестрінің алғашқы мүшелерінің атынан
Айша БЕГАЛИЕВА,
Бауыржан РАХИМОВ



Кітапхана – оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда. Осынау ғылым мен техниканың дамыған заманында оқырман мен кітапты байланыстыратын алтын көпір кітапхана болса, сол мәдени мекеменің қиындығы мен қызығын бірге арқалап еңбек етіп, оқырманның рухани талап-тілегін қанағаттандырып, білім шуағын шашып жүрген біздің кітапханашылар.

Білім мен ғылымның, өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып, рухани құндылығымызды көздің қарашығындай қорғап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген еңбегі көп елене бермесе де, қоғам мен мемлекеттің дамып, өркендеуіне өте қажет әрі маңызды мамандық

екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Әл-Фараби кітапханасы – 2 миллионнан аса кітап қоры және толық мәтінді электронды ресурстары бар елдегі ең ірі университеттік кітапхана. Университеттің 16 факультетінде оқитын 25 мың бакалавр мен магистранттарға, докторанттарға және 3000 оқытушы-профессорлық құрам мен қызметкерлерге оқу-тәжірибе, ғылыми-зерттеу үдерістерінде ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсетуде. Күнделікті жаңа келген газет-журналдар, жаңа кітаптар және күн сайын келіп кітап алып жатқан оқырмандар, студенттер, оқытушылар, қызметкерлер легі толастамайды. Кітапхана қызметкерлері оқырмандарға сапалы қызмет көрсете отырып, өз білігін арттыру мақсатында

Кітапханашы мерейі



отандық және шетелдік түрлі онлайн семинарлар мен ғылыми конференцияларға қатысып отырады.

Республика күніне орай, Әл-Фараби кітапханасында мерекелік іс-шара өтті. Осы іс-шарада университеттің Басқарма Төрағасы – Ректоры Ж.Түймебаев Республика күнімен құттықтап, жетістіктерімізді атап өткені кітапхана ұжымын марқайтып тастады. Университет-

тің дамуына белсене араласып, отандық білім мен ғылымның өркендеуіне қосқан айрықша үлесі үшін Ақпараттық қызмет көрсету басқармасының бас кітапханашы-менеджері А.Айдарханова «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қорды жинақтау және сервистік қолдау басқармасының басшысы Г.Есләмғалиева Құрмет грамотасымен, бас кітапханашы-менеджерлер М.Шомаева, М.Жаманкөзова,

М.Нұрымбетова Алғыс хатпен марапатталды.

Республика күнімен қатар келген Кітапханашылар күнінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Парасат» кәсіподақ ұйымының қолдауымен ұжымда мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Кітапхана директорының орынбасары Ж.Арекенова әріптестерін кәсіби мерекемен құттықтап, ҚазҰУ Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Ж.Айтжанованың және кітапхана әкімшілігінің атынан А.Ерекеш, Қ.Көбегенова, Қ.Сағымбаева, Г.Шымырбаева, А.Кункаев, А.Мұқанова, А.Балқашева, Б.Әзімхан, М.Құсайынов, М.Тағаева, А.Қожахметова Алғыс хатпен марапатталды.

Қалима ТОЛЫМБЕК,
Әл-Фараби атындағы кітапхананың кітапханашы-менеджері, магистрант

Қазіргі таңда әлемдік тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, Жер шарын қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталып қабылданған мақсаттар болып саналады. 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыт таңдалған әрі олардың жүзеге асырылуы елімізді өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге жетелейді. Тұрақты даму мақсаттарын енгізу және оған қол жеткізу процесі Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдері тарапынан да, сондай-ақ Қазақстан Республикасының үкіметі тарапынан да үнемі бақылауда. Бүгінде Қазақстанның ТДМ-ға қол жеткізу мониторинг жүйесі 280 индикаторды қамтиды, оның 205-і – ғаламдық, ал 75-і – ұлттық индикаторлар.

мен жұмыс жасап үйрену, омыртқалылардың түрлік құрамын және омыртқасыз жануарлардың ең жиі кездесетін түрлерін білу (омыртқасыз жануарларға ұзақ бақылау жасаудың және табиғаттағы серуендерді өткізудің дағдыларын алу), олардың жазғы уақытта мекендейтін биотоптарын білу, негізгі материалды жинайтын құрал-жабдықтарды жасай білу, өңдей білу, өзіндік зерттеу жұмыстарының ережесін білу, жануарлардың негізгі типтерінің биологиялық ерекшеліктері мен олардың табиғаттағы және

Тұрақты даму мақсаты аясындағы оқу-далалық практиканың маңызы



Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) – БҰҰ-ның даму саласындағы жаһандық желісі, атап айтқанда ТДМ, ол қазірдің өзінде 170 елде жұмыс істейді. Негізінен, кедейлікті жоюға, теңсіздікті азайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске және Үкімет қызметінің ашықтығына көмек береді. ТДМ аясында БҰҰДБ Қазақстанға жәрдемдеседі: әлеуметтік сенімсіздік пен теңсіздікті жоюға, халықтың үкіметке деген сенімін қалпына келтіруге, экологиялық тұрақтылықты сақтауға, жоғары өнімді экономикалық өсуге ықпал ету. Қазақстанда жұмысы басталған сәттен бастап БҰҰДБ-мен бірге 200 миллион АҚШ долларынан астам сомаға тақырыптық салалардың кең ауқымында 200-ден астам жоба іске асырылды.

Тұрақты даму мақсаттарының 15-ші мақсаты – Құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру. Оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, орманды ұтымды пайдалану, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері қайтару, сондай-ақ биологиялық әртүрлілікті жоғалту процесін тоқтатуға қол ұшын созады.

Осы орайда, аталған мақсат бойынша Қазақ ұлттық университеті биология және биотехнология факультетінде мемлекеттік стандартқа және оқу жоспарына сай: биология (Назарбаев зияткерлік мектебі), биомедицина, нейроғылым, биотехнология (Назарбаев зияткерлік мектебі), зоология, биологиялық инженерия, микробиология, генетика, балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау мамандықтарының 1-курс студенттері академиялық оқу семестрлері аяқталысымен оқу-далалық

практикасына шығады. Оқу-далалық практикасының өткізілетін мекенжайы: Алматы облысы Іле ауданы, Кербұлақ шатқалы, Іле өзенінің оң жақ жағалауы. Қалалық оқу практикасының өткізілетін мекенжайы: Алматы қаласы, Тимирязев көшесінде орналасқан Бас ботаникалық бағы және Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының зертханалары.

Оқу-далалық практикасы ботаника және зоология пәндері салалары бойынша жүргізіледі. Практиканың негізгі міндеттері бойынша студенттер ботаника пәнінде өсімдіктер өсетін биотоптармен танысады, далалық зерттеу әдістерін игеріп, яғни көзбен бақылау, өсімдіктер гербарийлерін жинау және сақтау әдістерін үйренеді (этикеткалау, сақтау, тұқымдастарға, туыстарға, түрлерге жататынын нақты анықтай білу) және далалық күнделікті толтырып, ары қарай оның міндеттерін шешеді. Сондай-ақ анықтауыштармен жұмыс істеуді үйренуге, түрлердің тізімін жасау және жеке биотоптардың ерекшеліктерін, негізгі материалды жинайтын құрал-жабдықтарды жасауға, өзіндік зерттеу жұмыстарының ережесін білуге, күнделікті толтыру және есеп беруге бейімделеді.

Ал зоология пәні бойынша оқу-далалық практиканың зерттеу әдістерін игеру: көзбен бақылау, жануарлар санын есепке алу, материалдарды жинау және өңдеу әдістерін (жануарларды фиксациялау немесе бекіту, этикеткалау, сақтау, әр биотоптың негізгі омыртқалы және омыртқасыз жануарлар түрін нақты анықтай білу) және далалық күнделікті толтыру міндеттерін шешеді. Бұл салада да анықтауыштар-

адам өміріндегі маңызымен таныстыру, күнделікті толтыру және есеп беру болып табылады.

Практика барысында Қызыл кітапқа енген түрлерге аса ерекше назар аударылған. Студенттер қоршаған ортаға зиян келтірмей коллекция жинаудың, өсімдіктер флорасы мен жануарлар фаунасының таралуы мен экологиясы бойынша өздік ғылыми зерттеулерді өткізу әдістері мен ұйымдастырудың негізгі қағидаларын танып, табиғатты қорғаушылық-экологиялық көзқарасты қалыптастыру жүргізіледі.

Жоғарыда аталған міндеттерді орындау тұрақты даму мақсатының жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Оқу-далалық практикасын биология және биотехнология факультеті, Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының білікті ұстаздары үлкен жауапкершілікпен атқарып, ерекше атсалысады. Атап айтсақ: Әбиболла Әметұлы, Бірлікбай Есжанұлы, Нұрлан Баймұрзаев, Нұрсұлу Ахтаева және практиканың тұрақты жетекшісі Бекзат Тыныбеков сынды ұстаздарымыздың еңбегі зор. Өйткені топ студенттері мен бүкіл ұжымды ас-ауқатпен қамтамасыз етіп, табиғат аясында білімдерін ұштап, әрбір студенттің бас амандығына жауап беру оңай шаруа емес. Сондықтан тұрақты даму мақсатының бір пунктіне сай, жыл сайын өтетін оқу-далалық практикасының ауқымды түрде жүргізілгені абзал.

Дамира ЮСАЕВА,
Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы, б.ғ.к.

Университет мұражайына Экскурсия жасады



Жаһандық өзгерістер жағдайында білім сапасы мәселесі өзекті болып қала береді. Өйткені алынған білім еңбек нарығына шыққанға дейін ішінара ескіреді. Республика күнінде Бизнес технологиялар кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы тұрақты дамудың төртінші мақсатын мерекелеу шеңберінде Алматы қаласы білім басқармасының «№178 мамандандырылған лицей» КММ түлектеріне арналған Қазақ ұлттық университеті мұражайында ғылыми-ақпараттық экскурсия өткізді. Оның жұмысына э.ғ.д., доцент М.Бейсенова, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор З.Ахметова және мұражай басшысы А.Жабықпаева, гид Б.Қасымов атсалысты.

Іс-шараның мақсаты болашақ мамандарды, атап айтқанда логистер мен маркетологтарға тиімді ғылыми-білім беру дайындығын қамтамасыз ету барысында университеттің мәдени-тарихи құндылықтарын сақтауға және оған құрметпен қарауға үндеу еді. Жас білім алушылар еліміздің даму тарихын, әсіресе Қазақстанның іргелі білім беру мекемелерінің бірі әрі бірегейі – Ұл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дәстүрін білуге тиіс.

Университетіміздің бай тарихын 5000-нан астам тарихи құнды құжаттар мен сирек кездесетін мұражай экспонаттары паш етіп тұр. Олар середе шебер және көркем орналастырылған. Мұражай кешенінің көлемі – 1000 шаршы метр. Тарих галереясы, Даңқ залы, университеттің тұрақты даму залы мұражайға келгендерді еріксіз сүйсінтеді. Мектеп түлектері сонымен бірге ғылым мектебімен, ғылымның түрлі салаларында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын жетекші ғалымдармен танысты.

ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебі – елімізде экономикалық мамандықтар бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлері бойынша білікті мамандарды даярлайтын іргелі білім және ғылым орталығы. Біздің жоғары мектеп қосдипломдық және бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс істейді. Роберт Шуман (Страсбург менеджмент мектебі), Amity (Үндістан) оқу орындарымен тығыз байланыстамыз. Магистратурада Ресей халықтар достығы университеті, (РУДН) және Новосібір мемлекеттік университетімен (НМУ), УРФУ (Орал федералды университеті), Люкс саласындағы халықаралық маркетинг мектебімен (Франция), UNIRAZAK



(Малайзия), Public Administration and Public Security оқу ордаларымен бірлесіп қызмет атқарамыз. Түлектеріміз ҚР Қаржы министрлігінде, ҚР Ұлттық банкіде, қазынашылықта, екінші деңгейдегі жетекші банктердің, инвестициялық және сақтандыру қорларының топ-менеджменті құрамында, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарында, «Даму» кәсіпкерлерді қолдау қорында, «Атамекен» ҰКП және басқа да көптеген компанияларда табысты еңбек ететінін мақтанышпен айтамыз.

ҚазҰУ жаңа ұрпаққа сапалы білім беріп, еліміздің патриоттық рухы жоғары жастарын тәрбиелеу арқылы мемлекетті дамыту жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға әр үлес қосуда. Университет ЗОБЖМ, білім алушылар арасында еліміздің орнықты дамуының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге, өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту үшін лайықты элиталық білім алуға, сондай-ақ Қазақстанның орнықты экономикалық дамуына бағытталған түрлі іс-шаралар өткізеді. Осы жолы да №178 мамандандырылған лицей оқушылары ҚазҰУ-ға қонаққа келгендеріне дән риза болып, келешекте жоғары білім алуға университетке келетіндерін қуана жеткізді.

Әсел ӨСКЕЛЕҒОВА,
Бизнес технологиялар кафедрасының аға оқытушысы

Tech Garden брендімен жұмыс істейтін **Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ** жанындағы «**Инновациялық технологиялар паркі**» дербес кластерлік қоры «**Өндірістік сектор консорциумдары: құзыреттілік орталықтары**» гранттық бағдарламасының жеңімпазы атанды. Енді осы жоба аясында **ҚазҰУ** жанынан өнеркәсіптік робототехника және роботтандыру саласындағы инженерлік құзыреттер орталығы ұйымдастырылады.

жаңа стартап-компанияларды жүзеге асыру. Бұл стартаптарды техникалық, қаржылық және желілік кедергілерді еңсеруде қолдауды қамтиды, олардың дамуына және сәтті іске қосылуына ықпал етеді.

Инженерлік құзыреттер орталығының жұмысын ұйымдастыру үшін күш біріктірген

Индустрия 4.0 модельдік фабрикасы құрылады

Бұл маңызды қадам өнеркәсіптік робототехника және роботтандыру саласындағы инженерлік құзыреттер орталығын ұйымдастыруға және дамытуға мүмкіндік береді.

Инженерлік құзыреттілік орталығын Индустрия 4.0 модельдік фабрикасы ретінде қарастыруға болады. Ол стартаптарға технологиялық операцияларды роботтандыру тұжырымдамаларын зерттеуге, көрсетуге және сынауға арналған бірегей алаң ұсынады. Шын мәнінде бұл білімді, дағдыларды, мүмкіндіктерді тарату және әзірленген шешімдерді Қазақстанда да, шетелде де өнеркәсіптік компанияларға одан әрі енгізу үшін негізгі платформа болып саналады.

«Өнеркәсіптік робототехника және роботтандыру саласындағы инженерлік құзыреттілік орталығын құру біздің тұрақты жұмысымыздың жалғасы және аталған бастаманы біз жедел жүзеге асыруға күш саламыз. Біздің жобамыз Қазақстанның өнеркәсіп саласын цифрландыруға қосқан үлесімізді арттыратынына сенімдіміз», – деді Tech Garden «Инновациялық технологиялар



паркі» дербес кластерлік қорының бас директоры Бауыржан Канкин.

«Өнеркәсіптік робототехника саласындағы инженерлік құзыреттілік орталығы дарынды жастардың басын қосудағы жаңа тенденция болады. Онда олар өнеркәсіптік робототехника саласында өздерінің стартап-компанияларын құра алады», – деді ҚазҰУ Инжиниринг және жоғары технологиялар кластерінің бас директоры Әмірхан Темірбеков.

Орталықтың негізгі мақсаты – өнеркәсіптік робототехника және роботтандыру саласында

консорциум мүшелері: Tech Garden «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ, «Автоматты қазандықтар» ЖШС, «Қазақстандық автоматтандыру және робототехника қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, Оңтүстік Дания университеті және Русвис Хуланд АГ (Швейцария).

Орталық өз қызметін 2024 жылдың екінші тоқсанында бастайды деген жоспар бар.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Сумен қамтудың дәстүрлі әдістері зерделенді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің Археология, этнология және музейтану кафедрасы «Қазақстанның аридті аймақтарын сумен қамтамасыз етудің дәстүрлі әдістері: этнологиялық және геоархеологиялық тәсілдер» атты іргелі зерттеудің ғылыми жобасын сәтті жүзеге асырды.



Жобаның өзектілігі дәстүрлі мал шаруашылығына қатысты Қазақстанның аридті аймақтарындағы судың маңызды рөлімен байланысты. Суды алу және сақтау әдістерінің әртүрлілігі мен өзіндік ерекшелігіне қарамастан, бұл мәселе әлі күнге дейін жүйелі түрде зерттелмеген. Құдықтарды, дренаждық құрылғыларды, суды пайдалану арқылы су берудің дәстүрлі әдістерінің тарихын зерттеу этнология және археология ғылымы үшін үлкен маңызға ие.

Жобаның ғылыми жетекшісі Археология, этнология және музейтану кафедрасының про-

фессоры, тарих ғылымының кандидаты Тәттігүл Қартаева болды.

Үш жыл ішінде ғылыми-зерттеу, далалық, кеңсе және зертханалық жұмыстар жүргізілді. Көне және белсенді су қоймалары мен су сақтау туралы барлық ақпараттар талданды, жергілікті құжаттар мен сұхбаттарды талдау арқылы этнологиялық деректер жинақталды, гидрологиялық, экологиялық және археологиялық контекстер зерттелді, зертханалық талдау үшін үлгілер алынды.

Жобаның мақсаты – Қазақстанның аридті аймақтарында

суды жинаудың және пайдаланудың дәстүрлі тәсілдерін зерттеу, олардың әртүрлілігін, өзіндік ерекшелігін және хронологиясын анықтайтын жан-жақты мәліметтер базасын құру. Қазақтардың табиғатты пайдалану ерекшеліктерін зерделеу бойынша жаңа теориялық-әдіснамалық тәсілді құру. Зерттеу нәтижесінде «Қазақ университеті» баспасында «Қазақстанның аридті аймақтарында су алу жөніндегі құрылғылардың атласы» атты монография шығарылып, ғылыми айналымға енгізілді.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Нұрдәулет ЖҰМАҒАЛИ,

Азия параойындарының екі дүркін чемпионы:

Жеңіс құр тер төккенмен келмейді

Қытайдың Ханжочу қаласында өткен Азия параойындарында **Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ медицина және денсаулық сақтау факультетінің 4-курс студенті Нұрдәулет Жұмағали чемпион атанды. Нұрдәулет SB13 санаты бойынша 100 метрге брасс әдісімен жүзуде 1:05.92 нәтижемен мөре сызығын бірінші болып қиды. Қытай төрінде Қазақстан туы көкке көтерілді.**



– Жамбыл облысының Байзақ ауданына қарасты Төрткөл ауылында өсіп, ержеттім. Бауыржан Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясында білім алдым. Мектеп кезінде химия, физика, геометрия пәндерін сүйіп оқыдым. Кішкентайымнан салауатты өмір салтын ұстанып, жүгіріп, белтемірде тартылатынмын. Қашанда өз ісімнің үздігі болуға тырыстым. Бала кезімде боксқа барғым келген, бірақ денсаулығым байланысты спорттың бұл түрімен айналыса алмадым. Содан кейін футболға бардым, бірақ аяғымды ауыр жарақаттап, сындырып алдым. Осындай жағдайлардан кейін әкем мені бассейнге алып келді. 11 жасымда жүзу спортымен таныстым. Алғашында, шыны керек, бұл спорт түрінен үміт күтпедім, тек «Дені саудың – жаны сау» деген оймен қатысып жүрдім. Ақырындап, бірте-бірте қатарластарымның оза шауып, сол жетістіктеріне қуанғанын көргенде, менде де жеңіске құштарлық сезімі пайда бола бастады. Осылайша жарты жылдай облыстық, содан кейін республикалық жарыстарда да бой көрсете бастадым. 2016 жылы олимпиада чемпионы Дмитрий Баландинмен жарысқа бірге шыққан едік. Осылайша паралимпиада ойындарына дайындала бастадым. Таңғы бесте жаттығуды бастайтынмын. Жаттығулардан бөлек, арасында жарыстар болып тұратын, – дейді Нұрдәулет Жұмағали.

2021 жылдың сәуірінде спортшы АҚШ-тағы пара жүзуден Әлем кубогында алтынға қол жеткізіп, шілдеде Берлинде тағы да жеңіс тұғырынан көрінді. Өткен жылдың қыркүйек айында Токио олимпиадасында қола медаль иеленді. Ал жақында ғана Қытайдың Ханжочу қаласында өткен Азия параойындарында алтын медаль жеңіп алу бұйырды.

– Спортшыларда жеңіс тұғырынан көріну мүмкіндігі 100

пайыз деген болмайды. Бақ сынасатын бәсекелестеріміздің кейде дайындығы келіспей жатса, енді бірде бәйге берместерді де кездестіреміз. Дайындықтың арқасында Азия параойындарының рекордын жаңартып, жүзуден алтын медаль иегері атандым. Чемпион болу бала күннен арманым еді. Нақты спорттың қай түріне баратынымды білмедім, бірақ түптің түбінде чемпион боламын деген сенімде болдым. 13 жасымда спорт шеберіне үміткер дәрежесіне жеттім. Үздік үштікке ендім. Спорт – ғылым. Жеңіс құр тер төккенмен келмейді. Қателіктерді көрсек, алдағы уақытта оны қайталамауға білек сыбана әрекет етеміз. Әр спортшыда үлкен арман қасат, халық үшін азаматтық принципі болуы керек. Біз, спортшылар, ел намысы үшін, еліміздің көк байрағын аспанға көтеру үшін батыл, ержүрек, қайсар, шыдамды болуымыз керек. Күнделікті тәртіп, ерік-жігер мықты болуы керек. Тамақ рационының мейлінше пайдалы астан тұруы да өте маңызды аспектінің бірі. Жүзу спортының басты ерекшелігі – демалысты ұзақ уақытқа созбау қажет. Себебі екі-үш аптадан кейін-ақ суды сезу қасиеті төмендеп кетеді, – дейді спортшы ағынан жарылып.

Нұрдәулет оқу мен спортты қатар алып келе жатқан жас. Осы ретте өзіне үнемі қолдау білдіріп келе жатқан ұстаздары мен жаттықтырушыларына үлкен ризашылығын білдірді. Олар – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы жаттықтырушысы Қуат Орынбекұлы, ұстазы Инна Лұқпанқызы, топ кураторы Мәдина Исaxанқызы және кафедра меңгерушісі Альмира Жүресқызы. Спортшының алға қойған үлкен мақсаттары бар. Сол мақсаттарға жету жолында әлі де еңбектене беретіні сөзсіз.

Бағдат СҰЛТАН,
журналистика факультетінің
4-курс студенті

Атақты физик-ғалым Бэла Ахметованың аяулы есімі, жарқын бейнесі ел есінде. Мүйізі қарағайдай қазақтың оқымысты қызын кім білмейді?! Өзі көрнекті ғалым әрі анау-мынау кісінің тісі батпайтын физик болса, оның үстіне осы салада ашқан жаңалығы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын алса, біздің қоғам ондай адамды қалайша ұмытады?! Бар ғұмырын ғылымға арнаған адамды ардақтап, қадірлемегенде, кімді құрметтейміз?!



Рас, табиғаты таза, шынайы, нағыз ғалым өз ісімен, өзінің жақсы көрген шаруасымен айналысады. Сондықтан болар, ғылымнан алыс адамдардың кейбірі аса дарынды, елге еңбегі сіңген ғалымдарды біле бермейді. Түсін түстеп, тани алмайды. Ал, негізінде, «қағаз кемірген» ғалымдардың ерөн еңбегі, маңдай тері өлшеусіз. Өйткені ғылымсыз қоғам алға жылжымайды, дамымайды. Былайша айтқанда, ғылым – қоғамның қозғаушы күші. Мұны түсінген мемлекет білім мен ғылымға ерекше көңіл бөліп, демейді.

Бүгін біздің әңгімемізге арқау болып отырған бірегей ғалым Бэла Ғабдолғалиқызы 1938 жылы Алматыда дүниеге келген. 1956 жылы №40 орта мектепті үздік аяқтаған соң, ҚазМУ-дың физика-математика факультетінің «Физика» мамандығына оқуға түседі. Жоғары оқу орнын 1961 жылы бітіріп, М.Ломоносов атындағы атағы айдай әлемге аян Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданады. 1964 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің Ядролық физика институтының ғылыми қызметкері болады. Мәскеудегі жылдар жас ғалым үшін үлкен ізденіс, үздіксіз білім-ілім жинаумен өтеді. Соның нәтижесінде сол кездегі орталықтан физика-математика ғылымдарының кандидаты деген ғылыми атақ алып, бір кездері өзінің ұшқан уясына – қара шаңырақ ҚазҰУ-ына қайта оралады. Бірде Бэла Ғабдолғалиқызынан сұхбат алған тілші «Физиканы қалаушыңыздың себебі неде?» – деген сауал қойғанда, зерделі ғалым: «Орта мектепте бізге физика пәнінен Александр Александрович деген ұстаз сабақ берді. Ол физиканы тамаша білетін, бойындағы білімін оқушы санасына құюға өсте бір жалықпайтын. Сондықтан болар, біздің сыныптың оқушылары зертханадан шықпайтын. Сол кезде-ақ менің қиялымда «физикалық құбылыстардың құпиясын ашсам» деген құштарлық болушы еді. Шамасы, ғылымның бұл саласын зерттеуіме бала кезден физика пәнін сүйіп оқуым ықпалын тигізген шығар», – деп жауап қайырған екен.

Шынында да, адамның тұла бойындағы ғылымға деген сүйіспеншілік пен бейімділік

туа біткен, қанмен келетін қасиет шығар, әйтпесе өмірде жетістікке жетуің неғайбл. Бэла Ахметованың әкесі Ғабдолғали, атасы Ахмет өз заманының білімді, оқымысты, бақуатты, озық ойлы зиялысы болған. Әкесі Ғабдолғали Алматыда музыкалық училищеден басшылық қызмет атқарған, оқытушы, шәкірт тәрбиелеген ардақты ұстаз. Ал көне көз қариялардың айтуына қарағанда, атасы Ахметтің даңқы әрісі Омбы, берісі Торғай, Павлодар, Қарағандыға жеткен, көзі ашық, көкірегі ояу жанашыр азамат болған. Ол кісі табын-табын асылтұқымды жылқы ұстапты. Соның бәрін ашкөз қызыл империя құртқан. Кейін Алматыға бас сауғалап келгенде, қалған аз-маз жылқыны әскерге пайдаланыпты. Міне, осындай текті тұқымнан тараған Бэладай бір дәнек балалығынан оқу-білімге құштар болған. Сол құштарлық оны ғылымның даңғыл жолына жетелеп алып келеді.

Бэла Ғабдолғалиқызының жұлдызы жарқыраған жыл ғалымның 1972 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығымен марапатталуы еді. Бэла Ғабдолғалиқызы – қазақ қыздарының арасынан осынау сыйлықты кеудесіне таққан тұңғыш физик-ғалым. Ол кісі мұндай марапатқа қалай ие болды? Ендігі әңгіме аз-кем осы жөнінде өрбісін. 1970 жылдың қаңтар айында Мәскеуде, МГУ профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы А.Ф.Тулиновтың ғылыми жетекшілігімен «Протонографияның кейбір мәселелерін зерттеу» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, физика-математика ғылымдарының кандидаты деген дәреже алады. Ядролық физика дегеніңіз – аса күрделі,

келген. Бұл құбылыс монокристалдар арқылы гамма сәуле, электрон не нейтрондар өткенде байқалады екен. Зат атомдарының реттелуіне тек дифракция ғана емес, басқа да құбылыстардың әсері болатынын А.Ф.Тулинов дәлелдеген. Осындай құбылыстардың бірі – монокристалдар арқылы зарядталған бөлшектердің өту кезінде пайда болатын көлеңке эффектісінің мәнісі белгілі бір процесс кезінде кристалдың тор түйінінен бөлініп шыққан зарядты бөлшектердің жолында «тыйым салынған» бағыттар пайда болады. Ғалымдардың ашқан жаңалығы көлеңке эффектісінің көмегімен адам көзіне ілінбейтін шағын өлем – микродүниенің кейбір қасиеттері, ядролық реакцияның өту уақыты анықталады әрі

қойса да ешкім ештеңе демесі анық еді ғой. Жоқ, бойына ана сүтімен дарыған елі мен жеріне деген перзенттік сүйіспеншілік, Отанға деген құрмет көрнекті ғалымды ару Алматыға алып келді. Бір кездері өзінің түлеп ұшқан алтын ұя – ордасына қондырды. Бұл туған топырағын сүйген нағыз патриот, рухы да, руханияты да мықты адамның игі ісі еді. Бүгінгі ұрпаққа, еліміздің келешек тұтқасына ие болатын жастарға үлгі-өнеге. Бэла Ахметова қара шаңырақ оқу ордасына табаны тигеннен әрі оқытушылық қызметпен, әрі ғылымның қара қазанында қайнап, мыңдаған студентке сапалы білім, саналы тәрбие берді.

Қаншама ғылыми еңбек жазды. Мың сан жобаға жетекшілік жасап, шәкірттерін ғылымның даңғыл жолына салды. Әрине, Бэла Ғабдолғалиқызының білім мен ғылым саласына сіңірген адал еңбегі мемлекет тарапынан шама-шарқынша елеп-ескерілді. 1975-77 жж. Алматы қаласы Совет аудандық кеңесінің депутаты болды. 1973 жылы «Социалистік жарыс жеңімпазы» төсбелгісімен, 1985 жылы «Білім» қоғамының төсбелгісімен марапатталған. 2006 жылы Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі атанады. 2009 жылы 6 маусымда, екіншіше қарай, қазақтың көрнекті физик ғалымы Бэла Ахметова өмірден озды.

Профессор Бэла Ғабдолғалиқызының өмір жолына қарап отырып, қазақ ғылымына осыншама үлкен үлес қосқан зерделі ғалымға тәуелсіз Қазақстанның бірде-бір марапаты бұйырмағаны мені таңғалдырды. Осыдан он жыл бұрын, 2013 жылдың 22 қарашасында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінде КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Ахметова Бэла Ғабдолғалиқызы атындағы аудитория ашылды. Осы жерде айта кететін тағы бір мәселе, 2018 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы, Алматы қаласы Бостандық аудандық әкімшілігі мен осы ауданның ардагерлер кеңесі және жалпы білім беретін №63 орта мектеп ұжымы осы мектепке отандық ғылымның дамуына қосқан зор үлесі үшін әрі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде есімін беру туралы Алматы қаласы әкімінің атына ұсыныс хат жолдаған еді. Осы ұсыныс ковид кесірінен, одан кейінгі қайғылы қаңтар оқиғасы салдарынан кейінге ысырылып қалды. Осы мәселені енді бірегей ғалым Бэла Ахметованың туғанына 85 жыл толған мерейтойы қарсаңында қайтадан қарап, №63 мектепке есімін беру мәселесін күн тәртібіне шығару керек. Сонда көрнекті ғалымның қазақ ғылымының дамуына қосқан өлшеусіз еңбегі еленіп, есімі ел есінде қалары анық. Ұлттық ғылымның «отымен кіріп, күлімен шыққан» Бэла Ахметовадай бірегей ғалымның есімін №63 мектепке беру қазақ ғылымына көрсетілген құрмет деп түсінеміз.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Ғылымның кені

КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті физик-ғалым Бэла Ахметова көзі тірі болғанда 85 жасқа толар еді

Кезінде атағы жер жарып, Мәскеуде оқып, кандидаттық диссертациясын қорғап жұлдызы жарқыраған Бэла Ғабдолғалиқызы сол жақта қалып қойса да ешкім ештеңе демесі анық еді. Жоқ, бойына ана сүтімен дарыған елі мен жеріне деген перзенттік сүйіспеншілік, Отанға деген құрмет көрнекті ғалымды ару Алматыға алып келді.

қатпарлы, ұңғыл-шыңғылы тым терең сала. Бэла Ғабдолғалиқызының бойынан ғылымға деген зор құлшынысты байқаған ғалым-ұстаз А.Ф.Тулинов өзінің көптен бері зерттеп жүрген жобасына қарапайым қазақтың қызын қосады. Анығында, бұл үлкен, беделді атақ монокристалдар үшін ядролық реакцияларда көлеңке эффектісінің ашылуы мен зерттелуі еңбегіне сай берілген еді. Бұл тақырыпты жоба жетекшісі 1964-65 жылдардан бері індетте зерттей бастапты. Құрамында үш аспирант, бірнеше лаборант болған команда ұзақ уақыт зертханалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тамаша ғылыми эксперименттер жасайды. Топ ғалымның тыңғылықты ізденісі, табанды тәжірибесі үлкен нәтиже береді.

Шынында да, Тулинов командасының зерттеуіне дейін зат құрылымын анықтайтын бірден-бір құбылыс толқын дифракциясы деп саналып

қатты дене физикасына байланысты мәселелер зерттеледі. Міне, осындай өте ауқымды тақырыпты зерттеген ғалымдардың еңбегі, маңдай тері бағаланып, кеңес дәуіріндегі ең атақты сыйлықтың берілуі жобаның жүгін арқалап тұр. Қазақтың ғалым қызы Бэла Ахметованың осындай аса күрделі, сан қатпарлы ғылыми жобаны зерттеуі екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлік десек, артық айтқандық емес. Академик Зейнолла Қабдоловтың өзі Бэла Ғабдолғалиқызын «Біздің лауреат келініміз» деп бағалап, «Айналайын, ақ Бэла, лауреат десе – лауреат! Анау-мынау емес, әркімнің тісі бата бермейтін ядролық физика саласынан 1972 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алып, айды аспанға бір шығарды», – деп жазды өзінің естелігінде.

Әрине, ғылымның даңғыл жолына түсу, оны дамыту, өзіңді дәлелдеу, ашқан жаңалығыңмен дүйім жұртты мойындату оңай шаруа емес. Айтуға ғана оңай шығар. Бір қолыңда қаламың, бір қолыңда қазаның, етегіңде бөбегің, сөйте жүріп, жеңіл-желпі сала емес, ядролық физикада зор табысқа кенелу – Құдайдың сүйген құлына бұйыратын бақ шығар. Әрине, Бэла Ғабдолғалиқызының өмірлік серігі, екі баланың әкесі, айтулы ғалым Өтеғали Шәденовтің қолдау-қамқорлығынсыз, бәлкім, мұндай дәреже бұйырар ма еді, бұйырмас па еді. Сондықтан бұл жерде экономика ғылымының докторы, профессор, ҚазҰУ-дың ұлағатты ұстазы Өтеғали Шәденовтің ерөн еңбегін атап өтпеске болмайды.

Кезінде атағы жер жарып, Мәскеуде оқып, кандидаттық диссертациясын қорғап жұлдызы жарқыраған Бэла Ғабдолғалиқызы сол жақта қалып

Научное развитие за молодыми учеными

Движущая сила научного прогресса является неотъемлемой частью процесса модернизации и инновационного развития любой страны. Молодые ученые играют ключевую роль в этом процессе, внося свой вклад в разнообразные области знаний и создавая предпосылки для будущего прогресса. Растет число молодых исследователей, ученых, вносящих большой вклад в развитие Казахстана. Кроме того, они расширяют свои горизонты, продвигая страну уже на зарубежном рынке.

Один из наших молодых ученых Супиева Жазира Асылбековна с 2020 года ведет преподавательскую деятельность в КазНУ им. Аль-Фараби. Работая на кафедре физической химии, катализа и нефтехимии она разрабатывает учебно-методические материалы и преподает различные дисциплины для бакалавриата: «Прикладная химическая кинетика», «Кинетика сложных процессов», «Метрология и стандартизация», «Строение вещества», «Физическая химия 1», «Физическая химия 2», «Химическая кинетика и электрохимия», «Общая химическая технология» и др.; и для магистратуры: «Прикладная молекулярная спектроскопия», «Теория и проблемы физической химии» и «Фазовые равновесия в многокомпонентных системах». Под руководством Супиевой Ж.А. готовятся к защите 3 дипломных работы бакалавров 4-го курса обучения, а также 1 магистрант 1-го курса обучения.

PhD., и.о.доцента кафедры физической химии, катализа и нефтехимии Супиева Жазира Асылбековна в этом году была награждена дипломом «Лучший молодой ученый КазНУ-2023» с денежным вознаграждением в размере сто тысяч тенге. В этом же году Жазира Супиева выиграла грант JESH от Австрийской академии наук сроком на 4 месяца. На данный момент она является руководителем научного проекта грантового финансирования (ГФ 2023-2025 гг.) на тему «По-

нимание процессов межфазного взаимодействия углерода и йода для быстрого накопления энергии».

Супиева Ж.А. родилась в 1991 году в Алматинской области. С 2009-2013 гг. обучалась в КазНУ имени Аль-Фараби по специальности «Химическая технология неорганических веществ», а в 2013-2015 годах продолжила обучение в магистратуре по специальности «Химическая технология неорганических веществ». В 2012-2016 г годах начала трудовую карьеру в Центре физико-химических методов исследования и анализа при университете в должности лаборанта лаборатории электрохимических технологий производства. С 2012 по 2014 г. под руководством д.х.н., профессора Курбатова А.П. участвовала в проекте ГФ «Развитие научно-технологического и инновационного обеспечения отраслей промышленности, использующих электрохимические методы извлечения, анализа и получения новых веществ и материалов». В 2013 году был получен сертификат на присуждение Супиевой Ж.А. стипендии в размере семьдесят пять тысяч тенге за отличную учебу. В том же году на ежегодной международной конференции студентов и молодых ученых «Мир науки» была награждена дипломом за III место за лучший доклад.

Жазира Супиева в 2015 г. прошла исследовательскую стажировку под руководством



профессора Thierry Djenizian в Университете Экс-Марселя, в лаборатории MADIREL, исследовательская группа по электрохимии материалов (Франция). Участвовала в исследовательской деятельности университета, принимала активное участие в лабораторных работах, в частности, по изготовлению наноструктурированных электродов для хранения энергии.

В 2017 году поступила в докторантуру PhD факультета химии и химической технологии КазНУ по специальности «Нanomaterialы и нанотехнологии». В рамках обучения в докторантуре PhD в 2018-19 годах дважды проходила зарубежную научную стажировку в Институте прикладной электрохимии Политехнического университета Познани (Польша). Во время зарубежной стажировки изучила технологии, материалы и процессы для подготовки электродов и сборки электрохимических ячеек с использованием вакуумных сушилок, оборудования для изготовления электродов и печей и т.д. В дальнейшем полученные ею знания применила при написании диссертации. В 2019 г. Супиевой Ж.А. был получен патент на полезную модель «Способ изготовления электродного материала для электрического конденсатора», основанную на уникальной технологии создания позиционных нанопористых

электродов на основе углеродного материала с площадью поверхности более 2000 м²/г.

Супиева Ж.А. в 2021 г. защитила диссертацию на тему «Синтез и применение нанопористых углеродных материалов на основе растительных волокон» и была присуждена степень Доктора философии (PhD) по специальности – Nanomaterialы и нанотехнологии. В настоящее время Супиева Ж.А. участвует в разработке MOOK по дисциплине «Химическая термодинамика». С 2016 года по совместительству работает ведущим научным сотрудником в «Институте проблем горения». Является ответственным исполнителем нескольких проектов, таких как: «Разработка способа электрохимического концентрирования благородных металлов с помощью нанопористых электродных материалов» – рук. Мансуров З.А. и «Разработка и создание суперконденсаторов на основе нанопористых углеродных материалов, полученных из отходов растительного сырья» – рук. Лесбаев Б.Т.

Молодые ученые также играют важную роль в укреплении международных научных связей. Супиева Ж.А. в 2021 г. и в 2022 г. в рамках командировки в Стамбульском техническом университете (Турция) провела научно-исследовательскую работу с профессором Onuralp YÜCEL.

Во время командировки была ознакомлена с лабораторией пирометаллургии и гидрометаллургии, а также электрохимических исследований. В 2019-2023 годах совместно с ученым из Австрии профессором Камар Аббас были исследованы композиты на основе оксидов металлов с углеродными нанотрубками. Жазира Супиева, с 9 по 19 марта 2023 года находилась в командировке в Университете Шуайб Дуккали (Эль-Джадида, Марокко). За время командировки в университете она занималась исследованием по теме: «Термическое разложение H₂O₂ с использованием гетерогенных катализаторов на основе меди, нанесенной на активированный уголь».

В целом, научная новизна и значимость исследований, проведенных Супиевой, состоит в создании гибридной псевдоемкостных электродов на основе оксида металла и материалов на основе углерода, и станут идеальной основой для новых разработок в данной области. Более того, предыдущий опыт совместной работы над материалами, подобными батареям, и гибридными материалами для окислительно-восстановительных суперконденсаторов демонстрирует, что можно адаптировать электрохимический отклик положительных и отрицательных электродов в водной среде, чтобы максимизировать энергетический жизненный цикл и мощность.

Жазира Супиева является автором 3 монографии, 5 патентов на полезную модель РК, 2 авторского свидетельства, более 38 научных работ, в том числе 12 публикаций входят в базу данных Scopus и Web of Science, остальные публикации входят в перечень, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Сотрудничество в рамках программы Еразмус+

Одним из целей устойчивого развития в Республике Казахстан является обеспечение качественного и справедливого образования и поощрение возможности обучения на протяжении всей жизни для всех (<https://kazakhstan.un.org/ru/sdgs>). Процесс обучения студентов, научных исследований сотрудников и профессорско-преподавательского состава следуют принципам устойчивого развития и направлены на постоянное улучшение уровня образования и научных исследований.

Ежегодно активно реализуются программы академической мобильности и научных стажировок магистрантов и докторантов кафедры. Студенты и докторанты кафедры имеют возможность стажироваться по темам научно-исследовательских работ во Франции, Университет Экс-Марсель; Imperial Colledge of London и др.

Преподаватели кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов факультета химии и химической технологии А.М.Аргимбаева, Г.С.Рахымбай, Гале-

ева А.К. в 2022-2023 учебном году активно участвовали в подписании договора с Университетом Николая Коперника (NCU in Torun) и КазНУ им. Аль-Фараби для реализации программы Erasmus+ о академической мобильности студентов и ППС. В рамках этого договора доцент А.О.Адилбекова прошла стажировку training mobility в Университете Николая Коперника (NCU in Torun), она стажировалась на факультете химии NCU, обсудила с сотрудниками кафедры физической химии и физической химии полимеров



результаты научных работ в области применения мембранного разделения для эмульсий, провела семинар для докторантов данной кафедры на тему «Разрушение эмульсии сырой нефти в присутствии частиц золы». В рамках этого же договора факультет химии и химической технологии в июле 2023 г. посетил профессор кафедры физической химии и физической химии полимеров, факультета химии Университета Николая Коперника Wojciech Kujawski для обмена опытом и проведения научных семи-

наров. Профессор W. Kujawski побывал в Центре физико-химических методов анализа, где встретился директором Центра, профессором Б.Кенесовым и с ведущими молодыми учеными кафедры (Ф.Мальчик, Н. Байматова и др.), посетил Научно-исследовательский центр лекарственных растений под руководством профессора Ж. Женис, а также лаборатории факультета. Учеными были обсуждены не только собственные исследования и разработки, но и вклад ученых Казахстана и Польши для устойчивого развития общест-

ва в вопросах экологии, промышленности и науки. По этому договору в рамках Erasmus+ предусмотрены академические мобильности студентов и ППС в текущем 2023-2024 учебном году, что способствует улучшению качества обучения и конкурентоспособности преподавателей.

Международное сотрудничество позволяет преподавателям кафедры укрепить сотрудничество с учеными ведущих университетов мира, наладить обмен опытом и научные связи для глобализации научно-образовательного процесса. Это способствует устойчивому развитию в области образования, нацеленному на удовлетворение текущих потребностей обучающихся, повышению профессионального роста и ответственности ППС в рамках одной кафедры.

Лейла КУДРЕЕВА,
Акбота АДильБЕКОВА,
доценты кафедры
аналитической,
коллоидной химии и ТРЭ

«Ұстаз бен шәкірт» кітабы жарық көрді

Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының кітапханасында ҚазҰУ профессоры, Жамбыл атындағы қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығының директоры Алмасбек Мәуленовтің «Ұстаз бен шәкірт» кітабының тұсаукесері өтті.



Кітаптың тұсаукесер салтанатын философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымының кандидаты, доцент Бекжан Мейірбаев құттықтау сөзбен ашып, жүргізіп отырды.

Академик Төлеген Тәжібаев пен профессор Жолмұхан Түрікпенұлы туралы бейнероликті кешке қатысушы философия және саясаттану факультеті Жалпы және

қолданбалы психология кафедрасының студенттері, магистранттары, докторанттары, сондай-ақ ҚазҰУ филология факультетінің студенттері мен Қайнар академиясының студенттері қызыға тамашалады.

Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымының докторы, профессор Жанғара Дәдебайұлы, филология ғылымының докторы,

профессор Қансейіт Әбдезулы, жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы, тарихшы ғалым, атиллтанушы Самат Өтениязов, ардагер журналист Мамадияр Жақып өздерінің жүрекжарды жылы лебіздерін білдірді.

Ғалым, педагогика ғылымының кандидаты, профессор Жолмұхан Түрікпенұлы кешке қатысушыларға батасын беріп, кітап авторы, филология ғылымының докторы, Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығының директоры Алмасбек Анықбекұлына кітапты шығаруда үлкен жұмыс атқарылғанын айтып, алғысын білдірді.

Ардақ КӘКІМОВА,
Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығының жетекші маманы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Қазақстан – Франция жоғары оқу орындарының VIII халықаралық форумы өтті.

Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Болат Тілепов жиынды жүргізіп отырып: «Франция мен Қазақстан арасындағы саяси-экономикалық және мәдени байланыстың келешегі зор. Біздің университет пен Франция ЖОО-лары арасында тығыз қарым-

Қазақстан – Франция байланысының келешегі зор



Еліміздегі бас педагогикалық университетінде өткен жиынға Францияның Алматыдағы консулдығының мәдениет және ынтымақтастық жөніндегі кеңесшісі Алекс Бортолан, Абай атындағы ҚазҰПУ «Сорбонна – Қазақстан» институтының және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Геоэнергетика» орталығының директоры Агнес Буссе, Францияның Қазақстандағы Campus France агенттігінің өкілі Элис Жадо және Франция мен Қазақстан ЖОО өкілдері, екі елдің кәсіпорындарының қызметкерлері, білім алушы жастар қатысты.

VIII халықаралық Қазақстан – Франция жоғары оқу орындары форумының мақсаты айқын. Екі елдің білім беру жүйесіндегі озық технологиямен, тәжірибемен алмасу. Ғылыми жобаларды іске асырудағы заманауи идеялар мен ынтымақтастық нәтижелерімен бөлісу, одан әрі қарым-қатынас, достық байланыстың алғышарттарын айқындау.

қатынас орнаған. Күні кеше Франция Президенті Э.Макронның Қазақстанға сапары аясында сауда-экономикалық, әлеуметтік салада біраз келісімдерге қол жетті. ҚР Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев кездесу аясында француз тілін оқып-үйренуге ден қою жөнінде бастама көтерді. Біз оны құптап-қолдаймыз, өйткені қазақ тілі мен француз тілі бір-біріне жақын, ұқсас тіл», – деді.

ҚазҰПУ жанынан 2013 жылы Сорбонна – Қазақстан француз институты құрылған еді. Осы оқу орнында білім алушылар қос диплом алып шығып жатыр. Бұл да біздің білім беру саласының қол жеткізген үлкен жетістігінің бірі.

Қазақстан – Франция жоғары оқу орындарының VIII халықаралық форумы аясында Абай атындағы ҚазҰПУ мен Франция ЖОО-лары арасында өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойылды.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Қайырымды қала докторанттары

Филология факультеті Түркітану және тіл теориясы кафедрасының 3-курс докторанттары қайырымдылық іс-шарасын өткізді. Докторанттар «Мәдениет» ықшамауданында тұратын көпбалалы, денсаулығы нашар, жалғызбасты ана, Құндыз әпкемізге кішігірім болсын жәрдем көрсетуге бел буды.

дымен жасап отырған адамның руханияты үшін пайдалы және адамды алда тек жақсылықтарға жетелейді. Игі істерді көп жасаған сайын өскелең ұрпақ ісімізден жақсы үлгі мен ізгі тәрбие алады.

Байқағанымыз, Қазақ ұлттық университеті «Қайырымды қала тұрғындары» және «Айна-

лаңды нұрландыр» концепцияларын басшылыққа ала отырып, студенттерді бірінші курстан бастап қайырымдылық іс-шараларға қатысуға шақырады. Тіпті университетте әрдайым көмек қолын созуға дайын «Көмек» атты студенттер ұйымы бар. Университетіміздің студенттерге жақсы білім берумен қатар, адам бойындағы жақсы өдеп, адамгершілік, мейірімділік, ізгілік, кішіпейілділікті дамытуға үлес қосуы қара шаңырағымыздың нағыз білім ордасы екенін одан әрі дәлелдей түседі.

Көмила ДУШАЕВА,
Түркітану және тіл теориясы кафедрасының 3-курс докторанты

Докторанттар жиналып, дүкеннен азық-түлік алып, төрт балалы ананың үйіне барды. Материалдық көмектен бөлек, адам баласы үшін эмоционалды қолдаудың өзі үлкен рөл ойнайды. Сондықтан докторанттар Құндыз әпкемізбен әңгімелесіп отырып, жағдайын сұрап, көңілін аулауға тырысты.

Әр адамның тағдыры әртүрлі. Адам баласы өмір жолында алуан түрлі сынақтарды бастан кешуі мүмкін. Айналамызда қиналып жүрген адамдардың барын

байқап, оған мүмкіндігінше қол ұшын созу – мейірімділік. Игі іс ал-



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.